

Қобда ауданы Бегалы ауылдық округінің Бесқұдық ауылының көшесін қайта атап туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 10 қазандагы № 7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 16 қарашада № 30548 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылсызы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бегалы ауылдық округінің Бесқұдық ауылы халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жаңындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Бегалы ауылдық округі Бесқұдық ауылының Ю. Гагарин көшесін Шерхан Мұртаза көшесіне қайта аталсын.

2. "Ақтөбе облысы Қобда ауданы Бегалы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім оның ресми жарияланғанынан кейін Қобда ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бегалы ауылдық округінің әкімі

Ж. Тукушева